

Зиянды өтеу ережелерін қолданудың тәртібі туралы Нұсқаулыққа өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1999 жылғы 12 қазан N 145-Ө. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 22 қыркүйектегі N 293-ө бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009.09.22 N 293-ө бұйрығымен

----- Бұйрықтан үзінді -----

Нормативтік құқықтық актілердің мониторингі қорытындысына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Залалдың өтемін өтеу ережесін қолданудың нұсқаулығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушысының 1999 жылғы 12 қазандағы N 145-Ө бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (А.Ә. Сарбасов) осы бұйрықтың көшірмесін бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін.

Министр

Г. Әбдіқалықова

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 1998 жылғы 14 тамыздағы N 158-ө бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 23 қыркүйекте N 612 V980612 _ болып тіркелген "Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндетін атқаруына байланысты мертігіп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зиянын меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың өтеуі жөніндегі ережені қолданудың тәртібі туралы" Нұсқаулықтың 5-тармағының төртінші абзацын және 24-тармақтың төртінші абзацын алып тастау туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 1999 жылғы 18 маусымдағы N 19/ 26-99 және 1999 жылғы 25 маусымдағы N 7-5-1593-99 қарсылықтарына
с ә й к е с

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 1998 жылғы 14 тамыздағы N 158-ө бұйырығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 23 қыркүйекте N

612 болып тіркелген "Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндетін атқаруына байланысты мертігіп қалған жағдайда немесе денсаулағына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зиянын меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың өтеуі жөніндегі ережені қолданудың тәртібі туралы" Нұсқаулықтың 5-тармағының төртінші абзацы және 24-тармағының төртінші абзацы алынып тасталсын және 1999 жылғы 1 шілдеден бастап күші жойылды деп есептелсін.

2. Еңбек қатынастары Департаментінің директоры В.В.Кожевников:

1) жоғарыда аталған Нұсқаулыққа енгізілген өзгерістер туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне хабарласын; 2) осы Бұйрықты барлық облыстық, Астана, Алматы қалаларының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларына (департаменттеріне) жеткізсін; 3) келтірілген зиянды өтеу туралы Нұсқаулыққа өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Вопросы труда" бюллетеніне материал әзірлесін; 3. Қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын хабардар етсін. Министрдің міндетін атқарушы Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева А.Ж.